

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 ақпан N 187

"Беларусь Республикасының Президенті Л.Г.Лукашенконың Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 3-4 қарашадағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды және өзге де мемлекетаралық келісімдерді, жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қаңтардағы N 73 P000073_ қаулысын орындау үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мен оларды ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <*>

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы " ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы астығының мемлекеттік экспорттық ресурстарынан 3-сыныпты азық-түліктік бидайдың астығын (ГОСТ 9353-90) мынадай шарттар бойынша айырбас жасасын немесе мемлекеттік экспорттық астық ресурстарын сатудан түскен қаражат есебінен сатып алсын:

1) 18 898 (он сегіз мың сегіз жүз тоқсан сегіз) тоннаға дейінгі көлемінде азық-түліктік бидайдың астығын бір тонна үшін 90 (тоқсан) АҚШ долларынан кем емес бағамен "Белресурсы" концернімен келісім-шарт бойынша бір бірлігі үшін 8 590 (сегіз мың бес жүз тоқсан) АҚШ доллары бағасымен 198 (бір жүз тоқсан сегіз) МТЗ-82УК доңғалақты тракторын жалпы сомасы 1 700 820 (бір миллион жеті жүз мың сегіз жүз жиырма) АҚШ долларына Қазақстан Республикасының шекарасы (Тобыл станциясы) - DAF шартында;

2) 12 312 (он екі мың үш жүз он екі) тоннадан жоғары емес көлемдегі азық-түліктік бидайды бір тоннасына 100 (жүз) АҚШ долларынан кем емес бағамен жалпы сомасы 1 231 200 (бір миллион екі жүз отыз бір мың екі жүз) АҚШ долларынан жоғары емес 152-ге (бір жүз елу екі) дейін МТЗ-82УК доңғалақты тракторларын ("Минск трактор зауыты" өндірістік бірлестігінің ТУ РБ 05786206.399-96 сәйкес жинақталынған) еркін рыноктан, бір бірлігі үшін 8 100 (сегіз мың бір жүз) АҚШ долларынан жоғары емес бағамен Қазақстан Республикасының шекарасы (Тобыл станциясы) - DAF шартында;

3) 17 954 (он жеті мың тоғыз жүз елу төрт) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік астық "Украагромашинвест" лизинг компаниясы" ашық акционерлік қоғамымен келісім-шарт бойынша, оларды "ҚазақУкрАгромаш" БК акционерлік қоғамының құрастыратыны ескеріле отырып, бір тоннасы үшін 100 (жүз) АҚШ долларынан кем емес бағамен, 200-ге (екі жүз) дейін ЖВП-9,1 дестелегіштеріне 8 977 (сегіз мың тоғыз

жүз жетпіс жеті) АҚШ доллары бағасымен айырбас жасасын. Айырбас дестелегіштерді Қостанай, Көкшетау, Петропавл қалаларына - DAF жеткізу шартында жүргізіледі;

4) 3 750 (үш мың жеті жүз елу) тонна көлеміндегі азық-түліктік астық бір тоннасына 100 (жүз) АҚШ долларынан кем емес бағамен 50-ге (елу) дейін ЖВП-10 дестелегіштерін бір бірлігі үшін 7 500 (жеті мың бес жүз) АҚШ доллары бағасымен, "Қызылордакүрішмаш" ашық акционерлік қоғамымен келісім-шарт бойынша. <*>

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді, 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.23. N 929 қаулысымен. P000929_

2. Айырбастау, қабылдау, техниканы Қазақстан Республикасы аумағы бойынша тасымалдау ақшалай нысанда сақталып жатқан мемлекеттік резерв астығының бөлігі ретінде 9 110 784 (тоғыз миллион бір жүз он мың жеті жүз сексен төрт) АҚШ доллары сомасындағы қаражаттың есебінен сатып алынған 1999 жылғы егіннің астығы есебіне жатқызылсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.23. N 929 қаулысымен. P000929_

3. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.06.23. N 929 қаулысымен. P000929_

4. Бухгалтерлік баланста тиісті көрсетуімен, жеткізілетін тракторларды - "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы алушы болып айқындалсын. <*>

"ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы:

тракторлар мен дестелегіштердің отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 7 жыл мерзімге лизингке берілуін;

техника лизингке орналастырылмаған жағдайда ҚҚС және 1 (бір) пайыз комиссиялық сыйақыны өз пайдасына қосып есептеп тракторлар мен дестелегіштердің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылуын;

техника сатылмаған және лизингке орналастырылмаған жағдайда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге осы техникамен қызметтер көрсетілуін қамтамасыз етсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.23. N 929 қаулысымен. P000929_

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

"ҚазАгроҚаржы" және "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамдарымен бірлесіп 1999 жылғы егіннің астығын сатып алуға бөлінген ақшалар бойынша көрсетілген акционерлік қоғамдардың несиелік қарыздарын жеткізілген техниканың сомасына кеміту бөлігінде қолданылып жүрген несиелік шарттарды қайта жасасын;

ҚазАгроҚаржы (жабық акционерлік қоғамына 9 110 784 (тоғыз миллион бір жүз он мың жеті жүз сексен төрт) АҚШ доллары сомасына тракторлар мен дестелегіштер

сатып алу үшін сыйақының нөлдік ставкасы бойынша 7 жылға дейінгі мерзімге несиелік беруге несиелік келісімді қайта жасасын. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.23. N 929 қаулысымен. P000929_

6. "1999 жылғы егіннің астығын сатып алудың, оның есебін жүргізудің, сақтаудың және сатудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1303 P991303_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай мазмұндағы тармақшамен толықтырылсын:

"5) ақшалай нысанда сақталып жатқан мемлекеттік резерв астығының бір бөлігі ретіндегі 9 110 784 АҚШ доллары сомасындағы қаражаттың есебінен сатып алынған 1999 жылғы егіннің астығы "Минск трактор зауыты" өндірістік бірлестігімен 808 доңғалақты трактор мен 192 трактор жинақталымына айырбастау, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасы аумағы бойынша

тасымалдау мен трактор жинақталымдарынан тракторларды құрастыруға жұмсалатын шығындарды өтеу үшін пайдаланылсын."

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.